



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№5 5 ақпан 2020 жыл сәрсенбі

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

## Құқық бұзушылықтың алдын алу 10



24.01.2020 ж. ҚБЖ меңгерушісі Р.Б.Усеновтың ұйымдастыруымен Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ аға инспекторлары, полиция майорлары Ш.Ш. Юсупова мен Д.А. Кинжиханова және колледж инспекторы С. Убайдуллаевтың қатысуымен "Құқық бұзушылық және жауапкершілік" тақырыбында кездесу өткізілді.



09.01.2020 ж. ҚБЖ меңгерушісі Р.Б.Усенов, колледж психологы А.Н.Оскенбаева "Халық деңсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қ.Р. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодекстің 21 және 159 баптарына сәйкес «СНЮС» шегуге арналмаған темекі және темекісіз өнімдерін әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу туралы ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №7 қаулысына сәйкес түсіндірме жұмыстар жүргізіліп, бейнероликтер көрсетілді.



10.01.2020 ж. ҚБЖ меңгерушісі Р.Б.Усенов Ікурс топ старосталарымен кездесіп, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ҚР ӘҚБтК-нің 127,128,131, 132,133,434,435,436,437, 438,440,442,443,44 баптарымен 2020 жылы өзгертілген айлықтық есептік көрсеткіш өлшерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

## Құттықтаймыз! 11



Жамбыл облысы әкімі А.Мырзахметовтың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №372 – өкімі бойынша колледждің «Емдеу ісі» бөлім меңгерушісі А.М.Мәдібраимова «Облысқа сіңірген сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің «Қазақстанның медициналық колледждері одағы» ШЖҚ МКК ұйымдастыруымен «Медбикелік іс» мамандығының қолданбалы бакалавриат біліктілігімен білім беру

бағдарламасы бойынша «Қ.Р. медбике мамандығының дамуы, Ғылым, ізденіс, жаңашыл» атты Республикалық ғылыми – практикалық конференциясына қатысқаны үшін «Мейірбике ісі» мамандығының 118/19-ПБУ топ студенті Баканова Ольга, жетекшісі У.Е. Дүйсембаева сертификатқа ие болды.



Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің «Қазақстанның медициналық колледждері одағы» ШЖҚ МКК ұйымдастыруымен «Медбикелік іс» мамандығының қолданбалы бакалавриат біліктілігімен білім беру бағдарламасы бойынша «Қ.Р. медбике мамандығының дамуы, Ғылым, ізденіс, жаңашыл» атты Республикалық ғылыми – практикалық конференциясына қолдау көрсеткені үшін колледж директоры Ж.Н. Сарыбековаға, оқу-әдестемелік бірлестік төрайымы А. Саржанова алғыс білдірді.



Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің «Қазақстанның медициналық колледждері одағы» ШЖҚ МКК ұйымдастыруымен «Медбикелік іс» мамандығының қолданбалы бакалавриат біліктілігімен білім беру бағдарламасы бойынша «Қ.Р. медбике мамандығының дамуы, Ғылым, ізденіс, жаңашыл» атты Республикалық ғылыми – практикалық конференциясына қатысқаны үшін «Мейірбике ісі» мамандығының 118 топ студенті Абильдаева Гульмира, жетекшісі Ж.А. Токташева сертификатқа ие болды.



Президент Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында «XXI ҒАСЫР КӨШ БАСШЫСЫ» атты халықаралық үздік студенттер байқауында I дәрежелі дипломмен және төсбелгімен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 402-топ студенті Сүйінбекұлы Кәрім марапатталды. Жетекшісі колледж психологы А.Н.Оскенбаева Алғыс хатпен марапатталды.



## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Жас мамандар отырысы 1

Ашық сабақ 2

Адалдық сағаты 3

Кездесу 4

Дөңгелек үстел 5

Ашық есік күні 6

Дәріс "Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы" 7

Қысқы спартакиада 8

Акция 9

Құқық бұзушылықтың алдын алу 10

Құттықтау 11

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> [https://www.instagram.com/zhmk\\_zhambyl.kz](https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz)



## Жас мамандар отырысы

1

22.01.2020 ж. Жас мамандар отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

1.«Көктамыршілік тамшылы жүйені жинау техникасы. Көктамыршілік тамшылы жүйені құюдың техникасы» тақырыбында панорамалық сабақ (практикалық сабақ)



Жауапты: №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы Ж.А.Тоқташева 2.Әр түрлі мәселелер.

Жас мамандар отырысын колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді. Ол жас мамандарға теориялық және практикалық сабақты өткізудің құрылымына тоқталды. Бірінші сұрақ бойынша №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы Ж.А.Тоқташева «Көктамыршілік тамшылы жүйені жинау техникасы. Көктамыршілік тамшылы жүйені құюдың техникасы» тақырыбы бойынша ашық сабағын панорамалық сабақ түрінде көрсетті. Екінші сұрақ әр түрлі мәселелер бойынша жас мамандарға әдептілік, мәдениеттілік, әріптестер арасындағы, оқытушы мен студент арасындағы қатынас туралы ақыл-кеңес берілді. Жас маманға сабаққа дайындаларда берілетін кеңестер, түрлі ойландыратын мәселелері жайында әңгімелесті.

## Ашық сабақ

2



03.02.2020 ж. №1 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушысы Н.Б. Бердіш «Мейіргер ісі» бөлімінің 307 топ студенттерімен «Жалпы патология» пәнінен «Ас қорыту жүйесінің патологиясы» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: ас қорыту жүйесі мүшелерінің аурулары, олардың пайда болу себептерін, аурудың жұғу жолдары, ауру белгілері, емделу және алдын алу шаралары туралы студенттерге толық мәліметтер беру, түсіндіру. Сабақ мақсатына жетті.



31.01.2020 ж. №1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы А.К. Коконбаева «Мейіргер ісі» бөлімінің 302 топ студенттерімен «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша «Сүйек – бұлшық ет және дәнекер ұлпа ауруларында мейіргер ісін ұйымдастыру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаттары: студенттерге сүйек – бұлшық ет және дәнекер ұлпа ауруларындағы науқастардың негізгі шағымдарын, объективті қарау кезіндегі негізгі симптомдарын, пальпациялауды, аускультацияны, қосымша тексеру әдістеріне дайындауды, сонымен қатар мейіргер ісін ұйымдастыруды түсіндіру, әрі толық мәліметтер беру. Интерактивті («Полиглот», «фото сұрақ», «мозаика», тест, «клиникалық ойлау», «үй макеті») әдістерді қолдану арқылы студенттердің білімдері тексерілді. Ашық сабақ жақсы деңгейде өтті.

## Адалдық сағаты

3



09.01.2020 ж. Колледждің «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің превенция және парасаттылық басқармасының басшысы Омаров Дәурен Даниярбекұлы мен кездесу өтті. Студенттер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, өз ойларымен бөлісті. Студенттер өздерінің бойындағы парасаттылық, адамгершілік қасиеттерін келген қонаққа кеңінен көрсете білді.

## Кездесу

4



31.10.2020 ж. Колледждің «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ұйымдастыруымен Қазақстан жастары конгресі, Республикалық жастарды дамыту орталығының жетекшісі - Ерболат Әзімханұлы келіп, студенттермен кездесу өткізілді.

## Дөңгелек үстел

5



15.01.2020 ж. Колледжде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Атамекен» кіші бағдарламасы аясында тарих-география пәнінің оқытушысы М. Ж.Жакипованың ұйымдастыруымен Жамбыл облысының 80 жылдық мерейтойына орай «Мейіргер ісі» бөлімі 102, 104 топ студенттері арасында «Туған өлкем-Таразым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

## Ашық есік күні

6



16. 01.2020 ж. «Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беру» тақырыбында ашық есік күні өткізілді. Аталған іс-шараға Техникалық шығармашылық орталығы, №33, №31, №44, №2, №4 орта мектептері, №5 мектеп гимназия оқушылары мен сынып жетекшілері қатысты. Ашық есік күні өткізілуінің негізгі мақсаты мектеп оқушыларына мамандық таңдау мүмкіндіктері мен бағыт – бағдарын беру. Оқушыларға колледж тарихы, жетістіктері, мамандықтары, жаңадан «Мейіргер ісі» бойынша «Қолданбалы бакалавр» және «Зертханалық диагностика» біліктілігі бойынша «Медициналық лаборант» мамандығы ашылғаны жөнінде ақпарат берілді. Колледж жайлы қысқаша бейнеролик көрсетілді. Колледжіміздің «Б» корпусындағы кабинеттерімен таныстырып өтті. «Оқу-симуляциялық орталық», «Денсаулықты нығайту», «Тәжірибелік дағдыларды қабылда. Жедел жәрдем», «Фармакогнозия зертханасы», «Оқу дәріханасы. Фитобар», «Акушерия және гинекология» (родзал), «Паллиативті көмек және онкологиялық профилді пациенттерге күтім», «Терапиядағы мейіргерлік күтім», «Мейіргер ісінің негіздері», «Педиатриядағы мейіргер ісі», Компьютерлік кабинеттерімен таныстырылып шықты.

## Дәріс «Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы»

7



27.01.2020 ж. Колледждің «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен, дәріс өтті. Дәріске Жастар денсаулық орталығының психологы А.Н. Нұрланова, гинекологы М.Ж. Қалдыбай, колледж психологы А.Н. Оскенбаева қатысты.

## Қысқы спартакиада

8



23.01.2020 ж. Колледжде Абай Құнанбаевтың туылғанына 175 жыл толуына орай және Қазақстан халқына жолдаған жолдауында көрсеткендей бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру мақсатында оқытушылар мен қызметкерлер арасында «Қысқы спартакиада» жарысы өткізілді. Спартакиаданың қорытындысы бойынша командалық жалпы есеппен бас жүлдеге ие болған команда «Жалынды жастар» - бөлім меңгерушісі Мырзагулова Ж.Б., 1 орынға ие болған команда «Ыстық жүрек» - бөлім меңгерушісі Ескебекова З.С., 2 орынға ие болған команда «Ұлы дала кураторлары» - бөлім меңгерушісі Қалымбетова Ж.Б., 3 орынға ие болған команда «Жігер» - бөлім меңгерушісі бөлім меңгерушісі Тұрғымбекова С.С. Сонымен қатар, «Үздік киім үлгісі» - «Ұлы дала кураторлары» командасы, «Үздік таныстыру - «Алаш» командасы, «Көрермендер көзайымы» - «Достық» командалары номинациясына ие болды. Колледждің кәсіподақ ұйымының тарапынан сыйлықтар берілді.

## Акция

9



30.01.2020 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы және колледждің волонтерлар қозғалысының ұйымдастыруымен 2020 жыл-Волонтер жылы деп жариялануына байланысты «Саулық» жобасы аясында «Жүректен жүрекке» тақырыбында акция өткізілді. Колледжде 2 волонтерлар тобы жұмыс жасауда: «Жүректен жүрекке», «От сердца к сердцу». Волонтерлар топ мүшелерінің жалпы саны -200 студент. Топтың мақсаты: Студенттерді, рухани-адамгершілік қасиеттерге баулу, адалдық, кішіпейілділік қасиеттерін бойларына сіңіру; студенттердің мамандыққа деген сүйіспеншілік қасиеттерін дамыту, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру, шұғыл жағдайда жедел көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. «Жүректен жүрекке» акциясы Тараз қаласының тұрғындарының артериалды қан қысымын, дене салмағын, бойын өлшеу, қандағы қант мөлшерін анықтау және кардиолог, терапевт, эндокринолог маман-дәрігерлер кеңес беру мақсатында ұйымдастырылды. Кеңес алу барысында алынған мәліметтерді қалалық емханаларға мәліметтер жинағын толықтыру мақсатында ұсынылды. Акция жастардың флешмоб биімен басталып, колледждің волонтерлар тобының мүшелері қала тұрғындарына буклеттер мен ақпараттық парақшалар таратып, колледж жастарының ұйымдастыруымен өткізілген концерттік бағдарламаға ұласты. Акция сонында эстафета №12 Жамбыл индустриалды технологиялық колледжіне тапсырылды.